

ӘОЖ 82:801.6; 82-1/-9; МҒТАР 17.07.41
<https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.289>Г.М. МУЖИГОВА¹, Э.С. СЕЙСЕНБИЕВА², Ж.С. ЕРГУБЕКОВА³✉¹PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: nazira_m_86@mail.ru²PhD, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: Elka1975@inbox.ru³PhD, аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: zhanat.yergubekova@ayu.edu.kz

КЕНЖЕ ҰЛ МОТИВІ: ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ МҰРАГЕРЛІК ФЕНОМЕН

Аңдатпа. Бұл мақалада түркі халықтарының фольклорында кең тараған кенже ұл мотивінің этномәдени, тарихи және әлеуметтік-философиялық мәні жан-жақты қарастырылады. Кенже ұл бейнесі халық ауыз әдебиетінің түрлі жанларында – ертегі, эпос, аңыз, шежірелерде тұрақты кездесетін дәстүрлі кейіпкер ретінде әр кезеңде берілген. Көбіне ол ағаларына қарағанда әлсіз, қарапайым, момын сипатта бейнеленеді. Алайда оқиға барысында әділеттілігімен, ақылымен, табандылығымен ерекшеленіп, түптеп келгенде жеңіске жетіп, үлкен миссияны орындайды. Бұл көркемдік тәсіл халықтың рухани дүниетанымында сыртқы күштен гөрі ішкі қасиеттердің маңыздылығын насихаттайды.

Зерттеуде кенже ұл мотивінің түркі халықтарының дәстүрлі мұрагерлік жүйесімен байланысы да сараланады. Қазақ қоғамында кенже ұл – шаңырақ иесі, яғни ата-анамен бірге қалып, үлкен отбасының ұйытқысы әрі мұрагері саналады. Бұл дәстүр қырғыз, ноғай, башқұрт, татар сынды халықтарда да бар. Мақалада осы әлеуметтік фольклорлық көріністері мен символдық сипаты нақты мысалдармен талданады. Сонымен қатар, кенже ұл бейнесінің мифологиялық және сакралды аспектілері қарастырылып, оған тылсым күш, батырлық қасиет берілуі – ұлт рухының, тарихи жадтың көркем әдебиет арқылы берілу тәсілі ретінде сипатталады. Мақалада салыстырмалы әдіс негізінде әртүрлі этнос фольклорындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар жүйеленіп, кенже ұл мотивінің қазіргі заманғы мәдениеттегі рөлі де қарастырылады.

Кілт сөздер: кенже ұл, фольклор, түркі халықтары, шаңырақ, этномәдениет, эпос, рухани мұра.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Мужигова Г.М., Сейсенбиева Э.С., Ергубекова Ж.С. Кенже ұл мотиві: түркі халықтары фольклорындағы мұрагерлік феномен // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 247–257. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.289>

*Cite us correctly:

Muzhigova G.M., Seisenbieva E.S., Ergubekova Zh.S. Kenzhe ul motivi: turki halyqtary folkloryndagy muragerlik fenomen [The Motive of the Youngest Son: the Turkic Peoples, the Phenomenon of Inheritance in Folklore] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – B. 247–257. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.289>

G.M. Muzhigova¹, E.S. Seisenbieva², Zh.S. Yergubekova³¹*PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University**(Kazakhstan, Almaty), e-mail: nazira_m_86@mail.ru**Al-Farabi Kazakh National University**(Kazakhstan, Almaty), e-mail: Elka1975@inbox.ru*³*PhD, Senior Lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University**(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: zhanat.yergubekova@ayu.edu.kz*

The Motive of the Youngest Son: the Turkic Peoples, the Phenomenon of Inheritance in Folklore

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the ethnocultural, historical, and socio-philosophical significance of the “youngest son” motif in the folklore of Turkic peoples. The youngest son is a traditional and recurring character found in various genres of oral literature, such as fairy tales, epics, legends, and genealogical narratives. He is typically portrayed as weaker, more humble, or less prominent than his elder brothers. However, through acts of justice, intelligence, and perseverance, he ultimately triumphs and fulfills a heroic mission. This narrative strategy emphasizes the value of inner virtues over physical strength within the worldview of Turkic communities.

The study also explores the connection between the youngest son motif and traditional inheritance systems. In Kazakh society, for instance, the youngest son is regarded as the keeper of the family hearth (*shanyrak*), who remains with the parents and assumes responsibility for continuing the family lineage. Similar practices are found among the Kyrgyz, Nogai, Bashkir, and Tatar peoples. The article analyzes the symbolic and social aspects of this tradition as reflected in folklore. Furthermore, the mythological and sacred dimensions of the youngest son’s character are discussed. Often endowed with mystical powers or heroic traits, he becomes a literary medium for transmitting cultural memory and spiritual values. A comparative approach is used to highlight both shared and distinctive features of this motif across various Turkic cultures, while also considering its role in contemporary cultural contexts.

Keywords: youngest son, folklore, Turkic peoples, shanyrak, ethnoculture, epic, spiritual heritage.

Г.М. Мужигова¹, Э.С. Сейсенбиева², Ж.С. Ергубекова³¹*PhD докторант, Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби**(Казахстан, г. Алматы), e-mail: nazira_m_86@mail.ru*²*PhD, старший преподаватель, Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби**(Казахстан, г. Алматы), e-mail: Elka1975@inbox.ru*³*PhD, старший преподаватель**Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави**(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: zhanat.yergubekova@ayu.edu.kz*

Мотив младшего сына: феномен наследования в фольклоре тюркских народов

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается этнокультурное, историческое и социально-философское значение мотива младшего сына в фольклоре тюркских народов. Образ младшего сына стабильно встречается в различных жанрах устного народного творчества – сказках, эпосах, легендах и родословных. Как правило, он изображается более слабым, скромным и тихим по сравнению со старшими братьями. Однако по ходу повествования младший сын проявляет справедливость, ум и стойкость, что позволяет ему в

конце одержать победу и выполнить важную миссию. Подобный художественный прием отражает приоритет внутренних духовных качеств над внешней силой в народном мировоззрении.

В исследовании проводится анализ связи мотива младшего сына с традиционной системой наследования у тюркских народов. В казахском обществе младший сын считается хранителем «шанырака», остающимся с родителями и продолжающим родовую линию. Аналогичные традиции наблюдаются у кыргызов, ногайцев, башкир и татар. В статье анализируются фольклорные формы этого социального института и его символическое значение. Также рассматриваются мифологические и сакральные аспекты образа младшего сына. Наделение его магической силой или героическими чертами трактуется как способ художественной передачи национальной памяти и духовных ценностей. Сравнительный анализ выявляет сходства и различия между тюркскими этносами, а также акцентирует внимание на значимости мотива в современной культуре.

Ключевые слова: младший сын, фольклор, тюркские народы, шанырак, этнокультура, эпос, духовное наследие.

Кіріспе

Түркі халықтарының фольклоры – ұлт руханиятының қайнар көзі, ғасырлар бойы сақталған мәдени құндылықтардың қоймасы. Бұл мұра ішіндегі ертегілер – халықтың дүниетанымын, моральдық қағидаларын, тарихи жадысын бейнелейтін көркем фольклорлық жанр. Ертегілерде халықтың өмір салты, салт-дәстүрі, отбасы құрылымы мен қоғамдық қатынастар көрініс табады. Соның ішінде кенже ұл бейнесі – ерекше назар аударуға тұрарлық феномен. Ол үнемі әділ, батыр, ақылды кейіпкер ретінде көрініп, ертегі соңында мұрагер атанады.

Кенже ұлдың ертегідегі жеңісі, әдетте, оның адалдығы, тапқырлығы мен еңбекқорлығының арқасында жүзеге асады. Бұл мотивтер түркі халықтарына ортақ болғанымен, әрқайсысында өзіндік ерекшеліктері бар. Мұрагерлікке кенже ұлдың лайық болуын сипаттайтын сюжеттік желілер фольклордағы әлеуметтік әділеттілік ұғымымен тығыз байланысты. Сондықтан бұл зерттеу – түркі дүниетанымындағы отбасы иерархиясы, мұрагерлік дәстүрі мен рухани құндылықтар негізін ашуға мүмкіндік береді. Фольклор – халықтың дүниетанымын, өмірлік тәжірибесін, тарихи жадын бейнелейтін мәдени мұра. Түркі халықтарының ауыз әдебиетінде кеңінен тараған мотивтердің бірі – кенже ұл бейнесі. Ол көбінесе әлсіз, елеусіз көрінгенімен, ерлік пен даналықтың, әділдік пен табандылықтың символына айналады. Бұл мотивтің ерекшелігі – оның әлеуметтік және мәдени код ретінде қызмет атқаруында. Түркі қоғамында мұрагерлік тәртібі ерекше маңызға ие болған. Көптеген дәстүрлі құрылымдарда кенже ұл – ата-ананың күтімінде қалатын, отаудың иесі саналатын тұлға. Бұл үрдіс фольклорда кенже ұлдың ақыр соңында жеңіске жетіп, елге ие болуымен, әділдік орнатуымен көрініс табады.

Мақалада түркі халықтарының фольклорындағы кенже ұл мотиві мұрагерлік феномені тұрғысынан қарастырылады. Қазақ, қырғыз, түрік, өзбек, башқұрт, татар сынды түркі халықтарының ертегі, аңыз, эпостарынан алынған мысалдар негізінде кенже ұлдың бейнесі мен атқаратын қызметі талданады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу барысында қазақтың қиял-ғажайып ертегілеріне ғылыми тұрғыда зерттеу жүргізе отырып, іргелі ғылыми зерттеулерге атап айтар болсақ, Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Қасқабасов, Б. Әбілқасымов, К. Матыжанов, Е. Тұрсынов

және орыс ғалымдары М. Горький, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин мен батыс ғалымдары А. Аарне, А. Андреев, Е.М. Мелетинский, В.Я. Пропп, К. Юнг және т.б. фольклортанушы ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

Сондай-ақ ғылыми мақаланың нәтижелі болуы үшін, салыстырмалы-тарихи әдіс – түркі халықтарының фольклорындағы ұқсас сюжеттер мен мотивтерді салыстырып талдауға мүмкіндік берсе, мифопоэтикалық талдау – кенже ұл мотивінің архетиптік табиғатын, символдық мәнін анықтау үшін қолданылды. Сонымен бірге, мәдениеттанулық интерпретация – мұрагерлік феноменін дәстүрлі мәдени кодтармен байланыстыра отырып, оның әлеуметтік-функционалдық мәнін ашу үшін қажет болды. Ал, контент-талдау – ертегі мен эпос мәтіндерінен алынған нақты мысалдарды талдауға негізделді.

Талдау мен нәтижелер

Қазақтың дәстүрлі қоғамында қара шаңыраққа ие болу құқығы кенже балаға беріліп отырған. Бұл – әлеуметтік-отбасылық институт болып табылады. Осыдан барып фольклорда кенже ұлдың ерекше рөлі қалыптасқан: ол ата-анасының қасында қалады, яғни, мұрагер болады, сол арқылы халық санасында «қасиетті мұрагер» бейнесіне айналады. Ежелгі рулық дәуірдегі «кіші ұл» культі түркі-монғол халықтарында да кездеседі. Мұның ізін түрік, қырғыз, башқұрт, моңғол және т.б. түркі халықтары ертегілерінен де кездестіруге болады.

Қазақ ертегілерінде кенже ұл басында «ақымақ», «аңқау», «қорқақ» көрінгенімен, ақырында батырлық, адалдық, тапқырлық арқасында жеңіске жетеді. Бұл – әлеуметтік әділеттілікті, «әлсіздің күштіден озуын» бейнелейді. Батырлық жырларда да кенже ұлдың жолы ауыр болғанымен, ең үлкен ерлікке қол жеткізетіні байқалады.

«...Сонымен қатар, әрбір халық ертегісінде балалар жағымды да, жағымсыз да қасиеттері бар кейіпкерді кездестіреді, бұл оларға әртүрлі типтегі адамдарды тануға және олардың кейіпкерлерін талдауға мүмкіндік береді» [1, 95-б.].

Түркі халықтарының ертегілері халықтың ой-қиялы мен дүниетанымын бейнелейтін ауыз әдебиетінің аса бай әрі көркем саласы болып табылады. Бұл ертегілер ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралып, ұлт болмысының негізіне айналған. Түркі ертегілері көбінесе тәрбиелік, өнегелік сипатқа ие әрі оларда халықтың идеалы, арманы мен үміті көрініс табады. Бұл ертегілерде көбінесе әділдік жеңіп, зұлымдық жазаланады, ал кейіпкерлер халыққа үлгі ретінде ұсынылады.

Кенже ұл мотиві – тек түркі халықтарына ғана емес, әлем фольклорына ортақ архетиптік құрылым. Кенже ұл мотивінің фольклорда кең таралуы түркі халықтарының отбасылық құрылымы мен мұрагерлік дәстүрімен тығыз байланысты болып келеді. Көшпелі қоғамда отбасы – тек биологиялық емес, әлеуметтік және рухани құрылым. Ал кенже ұл отбасының тұрақтылығын сақтаушы тұлға болып есептеледі. Қазақ отбасында кенже ұл:

- Шаңырақтың иесі;
- Ата-ананың күтушісі, асыраушысы;
- Үлкендердің батасын алушы.

Тек байлықтың емес, отбасылық рухани мұраның мұрагері десе, символдық тұрғыдан, кенже ұл:

- шаңырақтың тұрақтылығын;
- ұрпақ сабақтастығын;
- ұлттық рухани дәстүрдің сақталуын бейнелейтін тұлға ретінде сипатталады.

Бұл дәстүр – фольклорда көркем бейнеге айналып, кенже ұлды батыр, дана, ақылды кейіпкер ретінде сипаттайды. Ол әулет абыройын, ата мұрасын, ұлттық құндылықты жалғастырушы тұлға.

Психоанализде бұл образ «төменнен басталып, жоғарғы орынға көтерілетін» қаһарманның бейнесіне сәйкес келеді» [1]. Алайда түркі дүниетанымында кенже ұлдың ерекшелігі – оның әулетті жалғастырушы, мұрагер, моральдық әділеттіліктің қалпына келтірушісі ретіндегі рөлі.

Түркі фольклорындағы кенже ұл образының белгілеріне тоқталсақ, түркі ертегілері мен батырлық жырларында кенже ұлдың образы, әдетте, ағаларынан әлсіз, елеусіз; батырлыққа ұмтылатын; қиын тапсырмалар мен сынақтардан өтетін; әділеттілік пен шындықтың иесі ретінде сипатталады.

Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында Алпамыс ата-анасының бір перзентке зар болып, Алладан сұрап, зарығып күткен бала тек отбасын емес, елін де қорғайтын батыр тұлға болып өседі.

Түркі халықтарының салт-дәстүрінде мұра – кенже ұлға қалу үрдісі кеңінен таралған. Бұл отбасының сақталуы, ұрпақтың жалғасы мен ата-баба дәстүрінің жалғасуын қамтамасыз ететін жүйе болды. Сол себепті де, кенже ұлдың фольклордағы рөлі тек ертегі қаһарманы ғана емес, мәдениет пен салт-дәстүрді жалғастырушы ретінде көрініс табады.

Қазақ халық ертегілерінде кенже ұл көбіне елеусіз, жалқау, тіпті күлкілі сипатта да кездеседі. Алайда кенже бала ертегінің ортасына қарай қиын сынақтардан өтіп, ақылымен не адалдығымен өзгелерден озып шығады. Бұл ертегідегі қаһарманның трансформациясы болып табылады. Мысалы: «Үш ағайынды» ертегісінде кенже ұл ағалары сияқты байлықты көздемей, мейірімділік пен адалдық танытып, соңында патшаның қызына үйленіп, елге билік етеді [2, 67-б.]. Қазақ ертегілерінің бірі – «Үш ағайынды» ертегісінде қарт шал үш ұлын сынау үшін алыс сапарға жібереді. Ертегіде әкесі үш ұлына: «кім шын батыр, кім шын мұрагер – соны өмір көрсетеді» дейді. Үш ұлдың үлкен екеуі жолда қорқақтық пен сатқындық танытады, ал кенже ұл болса жалғыз өзі айдаһармен күресіп, қиын жолдарды өзінің ақылдығымен, тапқырлықпен өтеді. Қарттардың батасын алып, құнды қазынаны тауып, еліне аман-есен қайтады. Бұдан қорытындылайтынымыз әкесі байлығын, жерін кенже ұлына қалдырып, оны нағыз мұрагер деп жариялайды. Бұл ертегіден тек мұрагерлік – туыстық қарым-қатынас ғана емес, адамдық қасиет пен тәрбиелік мағынасын да байқауға болады.

Ал батырлық жырларда кенже ұл мотиві – батырлықтың, ел қорғайтын ерліктің үлгісі ретінде сипатталады. Оған дәлел. «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларында батырлар отбасындағы кенже бала. Олар тек жауын жеңіп қоймай, отбасын, ел бірлігін сақтап қалатын тұлға ретінде көрінеді [3, 95-б.].

Осы сияқты қырғыз эпосы «Манаста» да Манастың ұлы Семетей отбасындағы кенже бала. Ол Манастың мұрасын жалғастырушы, ел бірлігін сақтаушы ретінде көрсетіледі [4, 214-б.]. Ал, қырғыз ертегілерінде «кенже уул» көбіне кембағал, алайда ақылымен, табандылығымен жеңіске жететін образ. Бұл – фольклорда әлеуметтік әділеттілік идеясын жеткізудің бір тәсілі [4, 215-б.]. Мысалы, қырғыз ертегілерінде «Кенже бала мен айдаһар» немесе «Кедейдің кенжесі» сияқты ертегілерде кенже бала әділетсіздікке қарсы тұрып, қиындықтарды жеңіп шығады. Ол тек өзіне ғана емес, бүкіл қоғамға пайдасын тигізетін бейне ретінде сипатталады. Кенже баланың рөлі отбасындағы теңсіздік мәселелерін де бейнелейді. Жоғарыда аталған ертегілерде аға-әпкелері өз пайдасын ғана ойлайтын кезде, кенже бала мейірімділігімен және адалдығымен ерекшеленеді. Қырғыз халқы кенже баланы таңдаулы, тағдырлы кейіпкер ретінде көреді. Бұл дүниетанымда кенже бала – жаңару мен өзгерістің символы. Әдетте, кенже бала өз жолында көп сынақтан өтіп, үлкен жетістіктерге жетеді. Мысалы, «Кенже бала мен Самұрық құс» ертегісінде кенже бала қиыншылықтарға мойымай, өзінің адалдығы мен ерлігі арқылы арманын жүзеге асырады. Аталған ертегілерде сонымен қатар қырғыз халқының әділдік пен төзімділікке деген сенімін көрсетеді.

Осы сияқты түрік ертегілерінде де кенже ұл үнемі ақылды, қарапайым, шыншыл тұлға ретінде бейнеленген. Мысалы, түріктің «Кішкентай Ахмет», «Үш ағайынды және аждаһа» атты ертегілерінде кенже бала образдарынан мұрагерлік феномен сипатталған. Түрік фольклорында да ол ата-анасына адал, елге қамқор, зұлымдықпен күресуші кейіпкер. «Кейбір деректерде кенже ұл шәкірттік жолымен дамиды: ұстаздан тәлім алады, рухани өсу жолынан өтеді. Бұл исламдық мәдениет әсерінің көрінісі» [5, 122-б.].

Түркі халықтарында патриархалды отбасы үлгісі үстем болды. Бұл үлгіде кенже ұл – ата-ананың асыраушысы, шаңырақтың иесі, отбасылық отаудың мұрагері болып есептелген. Мұндай жүйе ежелгі көшпелі дәстүрлермен тығыз байланысты. Отбасындағы әрбір баланың рөлі нақты бөлінген: үлкен ұл – әулет сыртындағы шаруалармен айналысса, кенже ұл үйде қалып, ата-анаға қамқор болып, ата қонысты, атадан қалған мұраны иленіп, ата-бабаның дәстүрін жалғастырған. Бұл тәртіп қазақ халқында «отау иесі – кенже ұл» деген мақалмен де сәйкес келеді. Бұл үрдіс қырғыз, өзбек, түрікмен, түрік, ноғай, башқұрт сияқты басқа түркі халықтарында да кең тараған [6, 41-б.].

Ертегілердегі кенже ұлдың үнемі жеңіске жетуі – әділеттілік қалпына келуінің белгісі. Кенже ұл байлыққа ұмтылмайды, даналықпен, ақылмен, сабырмен әрекет етеді. Бұл образ қоғамдық моральдық идеалдың бейнесі ретінде көрініс табады. «...Сонымен қатар, әрбір халық ертегісінде балалар жағымды да, жағымсыз да қасиеттері бар кейіпкерді кездестіреді, бұл оларға әртүрлі типтегі адамдарды тануға және олардың кейіпкерлерін талдауға мүмкіндік береді» [7, 95-б.]. Қырғыз халық ертегілеріндегі кенже бала образына тоқталсақ. Көбінесе әлсіз, үйдің кенжесі, бірақ тағдырлы кейіпкер ретінде көрінеді. Ертегінің басында ол елеусіз, тіпті мазақ объектісі болуы мүмкін. Алайда, кенже бала оқиға барысында оның ерекше қасиеттері – ақылдылығы, еңбекқорлығы мен батырлығы айқындала түседі. Мысалы, қырғыз ертегілерінде «Асан мен Үсен» немесе «Береке, Түреке, Қүреке» сияқты ертегілерде кенже бала әділетсіздікке қарсы шығып, қиындықтарды жеңеді. Ол тек өзіне ғана емес, бүкіл қоғамға пайдасын тигізетін бейне ретінде көрінеді. Кенже баланың рөлі отбасындағы теңсіздік мәселелерін де бейнелейді. «Асан мен Үсен» ертегісінде Сұлушаш атты жесір әйелдің Асан және Үсен деген екі баласы болады. Сұлушаштың сұлулығына қызыққан хан оны алам десе, Сұлушаш оған көнбейді. Ашуланған хан күйеуінен қалған мал-мүлкін, қоражайын тартып алады. Осылай уақиға ары қарай дамып, жетім балалар мен жесір әйел озбыр ханның кесірінен далада қалып, қиыншылыққа толы күндері басталады. Тек дәтке қуат болып, бір тауықтың жұмыртқасымен күн көруге мәжбүр болады. Қытымыр хан өзі ойрандап кеткен Сұлушаштың күресіне келіп, тауықты көреді де оны сойып, асып бер дейді де ұйықтап қалады. Сұлушаш жылай-жылай амалсыз тауықты сойып пісіріп жатқан да тамақ сұрап екі баласы келеді. Жесір әйел ұлы Асанға жүрегін, Үсенге бауырын береді. Ұйқыдан тұрған хан еттің арасынан жүрегі мен бауыры қайда деп сұраса, әйел оларды балалары жеп қойғанын айтады. Хан енді оларды өлтіріп жүрегі мен бауырын алып бер деп қасапшыны жұмсайды. Қайырымды қасапшы екі баланы тірі қалдырады да, екі мысықты өлтіріп, жүрегі мен бауырын апарып береді. Мысықтың жүрегі мен бауырын жеген хан үш күн өтпей жынданып ауырып өледі.

Хан мен қасапшыдан құтылған екі бала өз беттерімен дала кезіп, бас ауған жаққа кете береді. Әбден шөлдеп, шаршаған Асан мен Үсен бір құдыққа келіп су іше аламай көп әуреленеді. Асан қамыстан жіп есіп Үсенді құдыққа түсіреді. Шөл қысқан Үсен қарыны сыздағанша су ішіп, Асан шығарып алмақшы болғанда қамыс үзіліп Үсен құдық ішінде қалады. Амалы құрыған Асан жылап-жылап құдықтың қасындағы теректің түбіне келіп ұйықтап қалады. Сол маңда бір хан өлген екен де, соның құсын ұшырып, құс кімнің басына қонса сал хан болсын деген өсиет қалдырыпты. Құс ұшып отырып Асан ұйықтап жатқан

теректің басына қонған екен. Сонымен жиналған жұрт Асанды хан етіп сайлап алып кетеді де, Үсен құдықта ұмыт қалады.

Кенже бала Үсен таң атқанша құдықта отырады. Ертеңінде су алғалы бір шал келіп қараса, құдық түбіндегі баланы көріп арқан тастап, баланы құтқарып, асырап алады. Шал мен кемпірі Үсеннің түкірігі күміс екенін байқап, оны жинап сатып байып кетеді. Осылай шал мен кемпірге бала болған Үсен, бір күні кеште қала ішінен шығатын шуды естіп, атасынан сұраса, атасы оның құмар деген жаман нәрсе екенін ескертіп, алыс жүруін қадағалап айтады. Бірақ Үсен атасы мен әжесі ұйықтап жатқанда әлгі шуылдаған дауыс шыққан жерге барады да, құмаршы Мысқал деген қыздың барлық дүниесін ұтып алады. Енді Мысқал Үсенді азғырып оған шарап беріп мас қылып, құстырады да, тауықтың бауырын шәйіп жіберіп, жұтып алады да, Үсенмен қайта ұтысып оны қайтадан тақырға отырғызады.

Ата-әжесіне қарауға беті жоқ Үсен қаладан шығып бара жатқанда төбелесіп жатқан үш жігіттің үстінен түседі де, себебін сұрайды. Осылайша олардың таласып жүрген ұшатын таяғын, толатын сабасы мен дастарқанын Үсен Алдар көсе сияқты алдап қолға түсіреді. Дереву таяққа талабын айтып, Мысқалдан есесін алу үшін оны қасына алдыртып, мас қылып тауықтың бауырын қайта жұтып алып, оны тағы ұтып алады. Мысқал енді не істерін білмей Үсенге шарап бере бастайды, бірақ Үсен құспай қояды. Амалы құрыған Мысқал таяқпен ұшып еліне кетіп қалады. Оянған Үсен өзінің қылығына қатты өкінеді. Тағы да жолға шығады. Жолда бір топ теректің түбінде отырғанда, терекке үш көгершін келіп қонады. Зерек, ақылды Үсен үш көгершіннің әңгімесінен үш теректегі үш алманың үш түрлі қасиетін естіп алып, үш алманы алып қалаға келеді. Ақ және қызыл алманы иіскетіп, адамдарды жасартып жүреді. Өзін іздеп келген Мысқалға көк алманы иіскетіп, оны әбден алжыған көкбет долы кемпір етіп жібереді. Енді өзіне жалынған Мысқалдың уәдесін алып, оны жасартып, таяғына отырып ағасын тауып алып, Мысқалды оған қосады да, өзінің анасын, ата-әжесін бағып-қағып, бақытты күн кешеді. Қырғыз халқының кенже бала образы суреттелген «Асан мен Үсен» ертегісі кенже баланың ақылдылығының арқасында мұратына жетумен аяқталады.

Ф. Урманче «Түркі батырлық эпосы» атты еңбегінде түркі халықтары фольклорындағы батырлар бейнесіне салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасай келе, кенже баланың батырлық образдары туралы былай деген: «Можно предположить, что различного рода эпические произведения о богатырях – защитниках родной земли – веками бытовали у тюркоязычных народов не только в виде отдельных легенд и преданий, носящих фрагментарный характер, но в форме цельного художественно завершенного дастана» [9, 22-б.].

Қырғыз халқының келесі кенже баланың батырлығы, ақылдылығы суреттелген ертегісі «Құлеке, Түреке, Береке» бұл ертегіде бір кемпір мен шалдың үш ұлының бастан кешкендері суреттеледі. Үлкен ұлы – Құлеке, ортаншысы – Түреке, кенжесі ұлы – Береке. Бұл ертегіден пайымдайтынымыз, кенже балалар есімінің қашан да символикалық мәні болады. Ертегі де кемпір мен шалдың балаларын шақырып, өздерінің қартайғанын айтып, балаларына лайықты жар тауып алындар деп айтады. Бірінші сапарға үлкен ұлы Құлекені жібереді. Ертегінің сюжетіне сай кенже болған жерде үлкен ұлдың жолы ауыр, ол елге де жақпайды, қызға да жақпайды. Үміті үзіліп қайтып келе жатқанда бойы бір қарыс, сақалы бес қарыс шал кездесіп, оның айтуымен соңынан еріп, көтер деген тасын көтере алмай, шалдан сөз естіп, үйіне қайтады. Келесі ортаншы ұлы Түреке де үлкен ағасының ісін қайталап, құралақан болып үйіне қайтады. Енді шал мен кемпір ақылдасып кішісі Берекені қалыңдық іздеуге жібереді. Ол да жолдан баяғы шалға кездесіп, шал оны жол айырығындағы қара тасқа апарады. Береке қара тасты қолының ұшымен-ақ қопарып тастайды. Сөйтсе, тастың астында жер астына түсетін тесік бар екен. Шал оған арқанмен жер астына түсуін, түскесін онда үш

ханның елі бар екенін, әрі олардың үш қызы бар, - дейді де Берекені жер астына түсіріп жібереді

Қырғыз ертегісінің осы тұсы қазақтың «Ер Төстік» ертегісіне ұқсайды. Береке жер астына ерлік іздеп емес, қыз іздеп түскен кенже жігіт өзінің миссиясын бастайды. Алғаш ханның үйіне келсе, онда сұлу қыз жалғыз отырады. Береке ханның қызымен танысып, әңгімелескесін соң өзіне қалыңдық болуын айтады. Бірақ, ханның қызы өзінің жігітке лайықты емес екенін, бұдан ары жүрсең өзінен асқан тағы бір ханның сұлу қызы бар екенін айтып, қолындағы жез сақинасын жігітке сыйлайды.

Кенже жігіт одан ары жеті күн, жеті түн жүріп, екінші ханның үйіне келсе, онда да ай мен күндей сұлу қыз жалғыз отырады. Береке қызбен танысып, әңгімелесіп, екінші сұлуға да өзінің талабын айтады. Бірақ бұл қыз да бірінші қыз айтқанды қайталап, бұдан ары жүрсең менен де асқан тағы бір сұлу бар, саған сол қыз лайық деп қолындағы күміс сақинасын сыйлайды.

Береке тағы жеті күн, жеті түн жүріп отырып үшінші ханның үйіне келгенде, қыздың сұлулығынан көзі шағылысып ештеңені көре алмай қалады. Бұл қызбен де танысып, сырласқан соң кенже бала талабын айтады. Қыз жігіттің айтқанына көнеді. Қыз алтын сақинасын беріп, екеуі қол ұстасып жолға шығады. Ертегі татар халқының «Ақ бөрі» ертегісіндегі сияқты, Береке жолай жез, күміс сақина берген екі қызды да қосып алып жер бетіне шығатын тесікке келсе, екі ағасы да Берекені іздеп сол жерге келген екен.

Екі ағасы арқанды тартып үш қызды шығарып алады да кезекте шығып келе жатқан туған бауырларын қызғаныштан арқанды қиып жердің астында қалдырады. Ертегінің осы жері ислам дінінің әсері, яғни ислам қиссаларының ықпалынан жазылған. Себебі, ислам діні көбінде адам баласының пенделік, күнәһарлығымен күресетіндіктен, осындай адам бойындағы пасықтық, сатқындық қасиеттерін ашып айтып оны жеңу турасындағы қиссалар XIX ғасыр ақындарында көптеп кездеседі. Ертегінің жалғасы Берекенің жер астындағы екінші сапарымен басталады. Не істерін білмей абырап тұрған Берекеге, баяғы бойы бір қарыс, сақалы бес қарыс шал кездеседі де, жер үстіне шығуға көмектесетін тағы бір шалға жол сілтейді. Береке тағы да жеті күн, жеті түн жүріп шалға келіп, басындағы қиын жағдайды айтады. Шал оны бір айлық жерде бір жезтырнақ тұрады, оның алып қара құсы бар, бір алып шықса жер бетіне сені сол алып шығады деп жол сілтейді.

Айшылық жолды алты күнде басқан кенже бала Береке жезтырнаққа күш көрсетіп, алып қара құсты маған бер дейді. Жезтырнақ балаға отыз қамбасының кілтін беріп өзін тауып ал деп Берекені сынамақ болады. Бала әр қамбаны ашқан сайын жыртқыштар шығып, балаға тап береді. Бала жыртқыштарды бір-бірден шетінен өлтіріп отырады. Олайша отызыншы қамбаны ашқанында алып қара құс шығады да, баланы жер бетіне қарай алып ұшады. Ағалар кесірінен көптеген әуре-сарсаңға түскен кенже бала Береке ақыры өзіне алтын сақина берген сұлумен үйленіп, бақытты ғұмыр кешкен деп ертегі аяқталады.

Қырғыз халқының кенже баланың ерлігі туралы ертегісі қазақтың «Ер Төстік» ертегісіне және сол сияқты басқа да түркі халықтарының ертегілерінде кездесетін, жер асты, жер үсті сынды ортақ сюжеттердің кейбір негізгі детальдарын алған бұл ертегі біршама көркемдік деңгейге көтерілген. Десек те ертегіде кейбір кемшіліктер кездеседі. Ол уақиғалар арасындағы кідірістер, кейіпкерлер арасындағы көлегейліктер кездеседі. Тіпті, ертегідегі кейбір сюжеттер асығыстықпен құрылған іспеттес. Мүмкін ертегінің толық нұсқасы да басқаша болуы мүмкін. Кемшіліктер деп отырғанымыз ертегіде адам жоқ, жан жоқ жерде хан қызының жалғыз отыруы. Әр қыздың жігітке ешқандай шарт қоймай, оңай мақұл бола салуы, ол аз болғандай жезтырнаққа кенже бала Берекенің күш қылып, онымен ұрыспай, соғыспай қара құс қамалған қамбаның кілтін оңай алуы, бәрі-бәрі ертегінің шикілеу нұсқасы болып көрінді.

Байқағанымыздай, ертегінің жалпы барысында ағаларына қарағанда кенженің іс-қимылы еш мінсіз басталады. Бұл ертегі де дәстүрді бұзбастан ағаларын мұқатып, кенжесін үстемге шығарады. Бірінші талап, қара тасты жылжыту. Екі ағасы қозғай алмағасын бойы бір қарыс шал қуып жібереді. Ал кенженің орны басқа, бірақ бұл кенженің туылу, өсу ерекшеліктері ертегіде айтылмайды. Бірден тасты қопарып алғанда ғана оның екі ағасынан өзгеше, бөлек екені анықталады. Ертегінің одан арғы жалғасы барша оқырманға түсінікті, кенженің ағалары үшін қалыңдық іздеуіне ұласады. Сөйтіп, арып-ашып бәрі үшін күресіп жүрген кенжеге жеме-жемге келгенде, іштарлық танытып, опасызыдық жасайды.

Дәл осы жердегі ағаларының кенже балаға деген ниеті кейін қосылған сюжет болуы мүмкін. Ерте түркілік кезеңде пайда болған ертегілерде ағайындар арасы араздық бола бермейді. Тіпті пенделікпен бірін-бірі күндеп жатпайды. Ал мына ертегіге әкелгенде ең соңында жапсыра салғанға ұқсайды. Ерте түркілерде кенжені көтермелеудің өзі ағайындылар арасындағы бірліктің күштілігінен болды. Шаңырақты сыйлаған екенсің, оның егесін де сыйлауың керек болады. Басында келтірген «Күлтегін» мен «Оғыз Ұшан баласы Секрек туралы жыр» екеуін дәлел етуге болар. Келесі кенже Берекенің жыртқыштармен айқасы барысында қылышын алып дейді, қайдан пайда бола кеткен қылыш екені белгісіз, яғни біздің батырымыз үйінен бес қаруын сайлап, жауға аттанбаған қайта қалыңдық іздеуге шыққан жоқ емес пе еді. Осындай, осындай ертегінің қисынсыз жерлері кездесіп жатса да кенженің бәрбір жұлдызы жарық. Айы оңынан, жұлдызы солынан туып ертегідегі бас қаһармадық орнын өгейсітпейді. Ертегінің өн-бойына өзінің іс-әрекетін баяндатып, оқыған жанның көңіл құрышын қандырмай, риза етпей қоймайды.

«Бір-біріне ұқсас екі жанр эпос, ертегі біріне бірі байланысты болғандықтан жанр сюжеттері ауыса береді» [10, 13-б.]. «Манас» сынды алып жырды тудырған халықтың фольклорын біз кедей деп айта алмаймыз. Ғалым Әлкей Марғұлан айтқандай, «Манас» жырының ішінде «Ер Төстіктің» жыр нұсқасының көбі жүр дегенін ескерсек, қазақ-қырғыз фольклорының тым тығыз екенін аңғарамыз. Тіпті сюжет ұқсастығын айтпағанда, басы бүтін дүниелердің екі халыққа ортақ болып кеткен тұстары да жетерлік.

Түркі халықтары ертегілерінде кенже ұлдың дәріптелуі – мәдени, әлеуметтік және тарихи факторлармен де тығыз байланысты. Бұл құбылысты түсіну үшін ғылыми зерттеулер мен фольклорлық материалдарға сүйендік. Ең алдымен ескерер жайт, кенже ұл – фольклордағы архетип екенін естен шығармағанымыз жөн. Кенже ұл бейнесі көптеген халықтардың, соның ішінде түрік ертегілерінің архетиптік кейіпкері болып табылады. Карл Юнгтің архетиптер теориясы бойынша кенже ұл – «батыр» бейнесінің көрінісі [11].

«Фольклор дәстүрлі халық мәдениетінің үлгілік жүйесі ретінде осы мәдениетті жеткізушінің әлеуметтік тәжірибесін, психикалық көзқарасын, рухани құндылықтарын фольклорлық концепция аясында бейнелейді» [12; 13]. Фольклор тек ауыз әдебиетінің жиынтығы ғана емес, ол халықтың өмір сүру тәжірибесін, дүниетанымын, рухани әлемін сақтап, жеткізетін мәдени жүйе болып табылады.

Жоғарыда мақалада қарастырылған ертегінің нұсқаларында кенже ұл бейнесі халықтың арман-аңсарын, ізгілік пен адалдық идеалдарын бейнелеу арқылы тәрбиелік қызмет атқарады. Көркемдік тұрғыдан бұл образ ертегінің идеялық өзегін ұстап тұрған негізгі кейіпкердің символдық тұлғасына айналады. Демек, кенже ұл ертегідегі басты қаһармандардың архетиптік типі. Ғалым Е.Мелетинский кенже ұлды *фольклордағы ең тұрақты және көне архетиптердің бірі* деп көрсетеді. Ол батырдың «күрделі сынақтан өтіп, кемелдікке жететін» типтік бейнесін осы кейіпкер бойынан көреді [13].

Қорытынды

Мұрагерлік феномені кенже ұлдың бейнесінде ерекше рөлге ие: ол отбасы құрылымын сақтаушы, ұлттық дәстүрдің мұрагері, әділет пен адалдықтың үлгісі ретінде көрінеді. Түркі халықтарының фольклорында кенже ұл бейнесі – халық даналығы мен мәдени кодтарының жиынтығы.

Қазіргі таңда да ауылдық өңірлерде кенже ұлдың шаңырақ иесі ретіндегі ролі сақталған. Ол тек отбасының емес, рухани және мәдени дәстүрдің де мұрагері ретінде қарастырылады.

Бұл феномен фольклорда ғана емес, заманауи әдебиетте, кинода, мультфильмдерде де өз жалғасын табуда. Мысалы, қазіргі ертегілер мен анимациялық фильмдерде кенже ұлдың әділ, батыл, ақылды кейіпкер ретіндегі сипаты жиі кездеседі.

Мақалада жүргізілген зерттеу нәтижесінде мынадай қорытындыларға қол жеткізілді:

- Кенже ұл мотиві түркі халықтарының бәріне тән фольклорлық архетип болып табылады;
- Бұл мотивтің тұрақты сипаттары: бастапқы әлсіздік, соңындағы жеңіс, рухани биіктік пен әділеттілікке қол жеткізу;
- Кенже ұлдың жеңісі фольклор арқылы берілетін әлеуметтік әділеттілік пен моральдық үстемдіктің көрінісі;
- Мұрагерлік феномені тек отбасылық емес, мәдениетті сақтау құралы ретінде қызмет етеді;
- Түркі халықтарының фольклорында бұл мотив арқылы ұрпақ сабақтастығы, дәстүр жалғастығы, рухани тазалық секілді құндылықтар көрініс табады.

Кенже ұл мотиві – түркі халықтарының ауыз әдебиетінде ерекше орны бар фольклорлық құбылыс. Ол тек көркем образ емес, сонымен қатар рухани-мәдени мұраның символы. Бұл мотив арқылы халық өзінің дүниетанымын, өмірлік қағидаларын, әлеуметтік құрылымын бейнелейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Çakir R., Pilli O. The Impact of Turkish Cypriot Folktales on Middle School Students' Social Skills // Participatory Educational Research (PER). – 2024. – Vol.11(6). – P. 94–111. <https://doi.org/10.17275/per.24.81.11.6>
2. Юнг К. Архетип и символ. – М.: Рефл-Бук, 2001. – 432 с.
3. Қазақ халық ертегілері / Құраст. С. Қасқабасов. – Алматы: Жазушы, 2018. – 320 б.
4. Бабалар сөзі жүз томдық. 75-том: Батырлық ертегілер. – Астана: Фолиант, 2011. – 424 б.
5. Манас. Киргизский народный героический эпос. – Т. 1. – Бішкек: Кыргызстан, 2004. – 350 с.
6. Turkish Folk Tales / Ed. by Pertev Naili Boratav. – Ankara: Kültür Bakanlığı, 2006. – 248 p.
7. Абылқасымов Б. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. – Алматы: Қазақстан, 2003. – 160 б.
8. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 2014. – 365 б.
9. Урманче Ф.И. Тюркский героический эпос. – Казань: ИЯЛИ, 2015. – 448 с.
10. Абиханова Г., Сатинбекова М., Хуатбекұлы Е. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының мотив индексі (Аарн-Томпсон жіктеуі бойынша) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №2(136). – Б. 7–17. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.189>
11. Юнг К. Архетипы и коллективное бессознательное / Перевод на рус. яз. А. Чечина. – М.: АСТ, 2020. – 150 с.
12. Нурбеков Т.Б. Қазақ ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі: Философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2025. – 154 б.
13. Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса: Ранние формы и архаические памятники. – М.: «Восточная литература» РАН, 2004. – 462 с.

REFERENCES

1. Çakir R., Pilli O. The Impact of Turkish Cypriot Folktales on Middle School Students' Social Skills // Participatory Educational Research (PER). – 2024. – Vol.11(6). – P. 94–111. <https://doi.org/10.17275/per.24.81.11.6>
2. Iung K. Arhetip i simvol [Archetype and symbol]. – M.: Refl-Buk, 2001. – 432 s. [in Russian]
3. Qazaq halyq ertegileri [Kazakh folk tales] / Qurast. S. Qasqabasov. – Almaty: Zhazushy, 2018. – 320 b. [in Kazakh]
4. Babalar sozi zhuz tomdyq. 75-tom: Batyrlыq ertegiler [The word ancestors is one hundred volumes. Volume 75: heroic tales]. – Astana: Foliant, 2011. – 424 b. [in Kazakh]
5. Manas. Kirgizski narodnyi geroicheski epos [Manas. Kyrgyz folk heroic epic]. – T. 1. – Bishkek: Kyrgyzstan, 2004. – 350 s. [in Russian]
6. Turkish Folk Tales / Ed. by Pertev Naili Boratav. – Ankara: Kültür Bakanlığı, 2006. – 248 p.
7. Abylqasymov B. Telqonyr. Qazaqtyn kone nanyim-senimderine qatysty guryptyq folklory [Telkonyr. Kazakh folk folklore related to ancient beliefs]. – Almaty: Qazaqstan, 2003. – 160 b. [in Kazakh]
8. Qasqabasov S. Qazaqtyn halyq prozasy [Kazakh folk prose]. – Almaty: Gylym, 2014. – 365 b. [in Kazakh]
9. Urmanche F.I. Tiurkski geroicheski epos [The Turkic Heroic Epic]. – Kazan: IlaLI, 2015. – 448 s. [in Russian]
10. Abihanova G., Satinbekova M., Huatbekuly E. «Qozy Korpesh –Baian sulu» zhyrynyn motiv indeksi (Aarn-Tompson zhikteui boiynsha) [Index of the motif of the song “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” (according to the Aarn-Thompson classification)] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №2(136). – B. 7–17. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.189> [in Kazakh]
11. Iung K. Arhetipy i kollektinoe bessoznatelnoe [Archetypes and the collective unconscious] / Perevod na rus. iaz. A. Chechina. – M.: AST, 2020. – 150 s. [in Russian]
12. Nurbekov T.B. Qazaq ertegilerindegi alemnin tildik beinesi: Filosofia doktory (PhD) ... dis. [Linguistic picture of the world in Kazakh Fairy Tales: dis.]. – Almaty, 2025. – 154 b. [in Kazakh]
13. Meletinski E.M. Proishozhdenie geroicheskogo eposa: Rannie formy i arhaicheskie pamiatniki [The Origin of the Heroic Epic: Early Forms and Archaic monuments]. – M.: «Vostochnaia literatura» RAN, 2004. – 462 s. [in Russian]